e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

25 шілде 2018 ж. сәрсенбі № 85 (18733)

АЙМАҚ

Қара малдан да қауіп бар

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық өңірінде бруцеллезбен және жануарлардың басқа да қауіпті ауруларымен күрес күн тәртібінен түскен емес.

Көктемгі – профилактикалық шаралар шеңберінде жануарлар мен құстарды иммундау, сондай-ақ туберкулезді анықтауға арналған сынақтар жүргізілді. Қандағы үлгілерді зерттеу кезінде бруцеллезге шалдыққан 302 бас ірі қара және 4 бас ұсақ мал анықталды.

Мал ауруының ең көп тараған аумақтары: Екідің, Жаңақала, Жалғызтал, Фурманов, Ашутасты, Аққошқар, Молодежный ауылдары және Қайыңды ауылдық округі.

Қаланың бас мал дәрігері Қасқырбай Бейсеновтің айтуынша, бруцеллездің таралу себебі – мал жайылымының бақылаусыз қалуы.

2-бет

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Насихат сылбыр жүруде

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыс әкімдігінде өңір басшысы А.Мұхамбетовтың қатысуымен өткен аппарат жиынында Елбасының бірінші әлеуметтік бастамасы – "7-20-25" бағдарламасының өңірде қалай жүзеге асырылып жатқандығы талқыланды. Жиынға Қостанай, Рудный қалалары мен Қостанай ауданының әкімдері және ҚР Ұлттық Банкінің облыстық филиалы мен екінші деңгейлі банктердің басшылары қатысты.

Бүгінге дейін елімізде қаншама отбасы "Қолжетімді баспана", "Нұрлы жер" бағдарламалары бойынша баспанаға қол жеткізді. Енді міне, ағымдағы жылдың 31 мамырында "7-20-25" жаңа ипотекалық бағдарламасы бекітілді. Аталған бағдарламаның арқасында алдағы төрт жыл ішінде, яғни 2018-2021 жылдар аралығында біздің облыста 1 млн 300 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Нәтижесінде, облыс бойынша жылына үш жарым мыңнан астам пәтер тапсырылып, жиырма мыңға жуық отбасы баспанамен қамтылатын болады.

2-бет

БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Ел сөзінен...

• Марқұм спортшы Денис Тенді жұрт өзі құлай сүйді. Сүйетіні – ол қарапайым ғана, кісілігі және кішілігімен дара көрінді. Болмысында шынайылық шыныдай мөлдіреп тұрды. Біздің өмірде жоқтан өзгені мақтау, мадақтау ықылық атуда. Халықты зорлап жақсы көргізе алмайсың. Қолдан сүйікті бола алмайсың. Бірақ еріксіз, зордың күшімен сыйлататындарды көргенде мына дүниеден баз кешкің келеді.

• Семізсің – жау жаулай алмайсың, Бисің – дау даулай алмайсың, Ақылдысың – көпке ермейсің, Ашулысың – көпті еріте алмайсың.

• Қоғамның психикалық ахуалынан сескенем. Немқұрайлылық , апатиялық көңіл-күй, күйкі мінез дендеді. Тіпті отбасынан баз кешіп, шетел ауып жатқандар немесе біржола кетіп қалғысы келетіндер қарасы көбеюде..

• Махаббат үшін өлу – қиын емес. Бірақ өлуге татитын махаббат табу қиын.

• Жаным-ау, сүю-ақылға, миға қатысы жоқ дүние ғой. "Сүйе білсең"дейсің.. Сүю-жүректің ісі!

• Көрмеген көлде естілмеген қаздың даусы бар.

• Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ

• Адамдардың бәрі екі қағидатқа бөлінеді. Біріншісімен жеңіл, тіпті оларсыз да жеңіл. Ал екіншісімен өте күрделі, бірақ оларсыз тіпті мүмкін емес.

• Өмір өте қысқа,сондықтан оны диетаға, сараң еркекке және құлазыған көңіл-күйге сарп етпе.

• Кіжінері бар, килігері жоқ, түнерері бар да, жауары жоқ.

• Қайғы қан аздырады, мылжың ми тоздырады.

(Жалғасы бар).

Қара малдан да қауіп бар

1-бет

Бұл жағдай – ветеринарлық қызмет жұмысын едәуір қиындата түседі. Мал ауруымен күрес міндетті түрде жануарларға арналған зерттеулер жүргізуді және ауруы анықталған жануарларды түбегейлі оқшаулауды талап етеді.

Талаптар орындалмаған жағдайда санитарлық ережелерді ескермейтін мал иелеріне ірі көлемде әкімшілік айыппұлдар салынады. Осы уақыт ішінде

мұндай шара 7 мал иесіне қолданылып отыр.

Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде де ауру малдардың анықталуы жиі ұшырасады. "Сыбаға", "Алтын асық" бағдарламаларына қатысушылардың осы жағдайларды ескеруі қажет. Бағасы арзан деп ауруға күмәнді шыққан малды сатып алудан сақтанған жөн.

Мал ауруы тек малға ғана емес, адамдарға да зиян келтіретінін есте ұстағанымыз жөн, – дейді кәсіби мамандар.

Арқалық қаласы.

Насихат сылбыр жүруде

1-бет

ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай облысы бойынша филиалының директоры Ж.Қажрахимовтың айтуынша, жаңа бағдарлама арқылы пәтер алушы 20 пайыз алғашқы жарнаны құйып, 25 жылға дейін несие рәсімдей алады. Еліміздің төрт өңірінде тұрғын үй сатып алу бағасының ең жоғары шегі 25 млн теңге болса, қалған өңірлер үшін 15 млн теңгеден асырылмауы керек. Бүгінде "Баспана" ұйымы екінші деңгейлі 7 банкпен келісім-шартқа отырған. Олар Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, Центркредит, Евразия банкі, АТФ банк, Халық банкі, Цесна банк және РБК банкі. Алдағы уақытта Сбербанк пен Форте банктер де осы бағдарламамен жұмыс істейтін болады. Қостанайда алғаш рет бір адам бағдарлама қатысушысы атанып үлгерді. Бүгінде бағдарлама қатысушысы Центркредит банкі арқылы ипотека рәсімдеуде. Ағымдағы жылдың 23 шілдесіне дейінгі көрсеткішке сүйенсек, облыста 25 өтініш қаралып, оның 15-і мақұлданған, 5 адамға ипотекалық несие берілген. Мәселен, Центркредитбанкіне 22 өтініш, "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне" небәрі 3 өтініш түскен. Сондай-ақ, "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне" бағдарлама туралы білу үшін 1100 адам жүгінген, ал 230 адам қалған банктердің үлесінде.

Осы орайда, Жомарт Қажрахимов атқарушы органдармен, Ұлттық Банк, серіктес банктермен және құрылыс компанияларының қатысуымен аймақтық медиа-жоспарды қабылдау қажеттігін ұсынды. Бұл ұсыныста облыс әкімі А.Мұхамбетов те қолдады. Әрі әкім тұрғындарды жаңа бағдарлама бойынша ақпараттандыру жұмыстарының сылбыр жүргізіліп жатқандығын сынға алды.

– Аталмыш бағдарламаның тиімділігі туралы халыққа кеңінен насихатталуы қажет. Ал, бұл бағыттағы жұмыстар сылбыр жүргізілуде. Ауқымды бағдарлама бойынша Ұлттық банктің өзінде 4-ақ адам жұмыс істеуде, оның өзінде біреуі директордың орынбасары, бұл өте аз, сондықтан бағдарламамен жұмыс жасайтын мамандар санын көбейту керек. Ал, Центркредит банкінде 9 адам айналысады екен, бұл жақсы көрсеткіш. Сондай-ақ, жаңа бағдарламаны жүзеге асыруға барлық мекемелер де атсалысуы тиіс. Әсіресе, білім, денсаулық басқармалары дәрігерлер мен ұстаздарға бағдарламаның тиімділігін түсіндіріп, оларды бағдарламаға қатысуға жұмылдыру керек. Сол себепті, қанша мұғалімнің, қанша қызметкердің осы бағдарлама бойынша баспана алғандығы туралы әр мекемеден есеп алынып отыратын болады. Ал, медиа-жоспар бойынша ұсынысты мен де қолдаймын. Сондықтан, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысына медиажоспармен толық танысып шығуды тапсырамын. Бұл бағдарлама бәріміз үшін басты орында болуы тиіс. Әр атқарушы орган басшылары өз салалары бойынша баяндама жасағанда, соның отыз пайызында осы бағдарламаға көңіл аудару қажет. Бағдарлама бойынша үй алғандарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап, насихаттау қажет. Бағдарламаның шынымен де жұмыс жасап жатқандығын жұрт көріп, сезінуі керек, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Сонымен қатар, әкім әсіресе "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" басшысына бағдарламаны насихаттауда жұмысты күшейтуді қадап тапсырды. Мәселен, бүгінде аталған банктің 47 мың салымшысы болса, соның 10 мыңнан астамында 500 мың теңгенің үстінде салымы бар көрінеді. Өңір басшысы сол он мың салымшының әрқайсымен сөйлесіп, олардың кірістерін есептеп, төрт жыл ішінде қаншасының пәтер алуға мүмкіндігі бар, соның бәрін анықтап, осы салымшыларды бағдарламаға тарту керектігін ескертті.

– Сенбі күні мен Заречный ауылындағы Северный шағын ауданында салынып жатқан үйлерді араладым. Бүгінде онда 135 пәтер дайын тұр. Бір және екі бөлмелі үйлер, бағасы да қолжетімді, әрі кетсе 7-8 млн теңге болады. Мен құрылысшылардан "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" мамандары келді ме, клиеттентерді әкеліп, осы үйлерді көрсетті ме?" деп сұрағанымда, "жоқ" деп жауап берді. Міне, осыдан-ақ сіздердің қалай жұмыс жасап жатқандарыңызды көруге болады. Шақыру керек бәрін, осындай қолжетімді пәтерлердің бар екендігін көрсету қажет. Тұрғындарға айына алатын жалақысы 110-120 мың теңге болса, төлейтіні 26-36 мың теңге екендігін, бұрынғы бағдарламамен салыстырғанда, қазір ай сайынғы төлемнің азайып, мерзімнің ұзартылғанын да айтып түсіндіруліріңіз керек. БАҚ арқылы жиі-жиі насихаттаңыздар. Әрине, ешқандай насихат болмаса 135 пәтер тоғыз ай бойы бос тұрады, ал осындай жұмыстарды жиі жүргізсеңіздер, 1 айдың ішенде-ақ толтыруға болады. Әрі бұл шағын ауданда қазір жол салынып жатыр. Облыс орталығынан ескі үй алғанша, осындай жаңа шағын аудандардан жаңа пәтерге қолжеткізген тиімді емес пе? Тағы да қайталап айтамын, тұрғындарға жаңа бағдарламаның тиімділігі туралы ақпараттық-насихат жұмыстарын көбірек жүргізу қажет. Бұл мәселеге екі аптадан кейін тағы да ораламыз, – деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Заңсыз дүңгіршектер сүрілді

Жабайы сауданың тамырына балта шабу үшін жыл басынан бері облыс орталығында бірнеше рейд жүргізіліп, бірқатар тұлғаларға әкімшілік хаттамалар толтырылды.

Облыс орталығының құзырлы орган өкілдері мен жергілікті полициясы қызметі өкілдері бірлесіп кезекті рейд ұйымдастырып, қаланың көркін бұзып тұрған заңсыз сауда нүктелерінің көзін жоюда. Жерді заңсыз иемденіп, жеке саудасын қыздырғандарға айыппұл салынуда. Мұндағы мақсат – қала аумағында орналасқан заңсыз дүңгіршектерді анықтау.

Осы күнге дейін жүргізілген тексеру жұмыстары барысында 20-ға жуық сауда нүктелері қара тізімге іліккен. Биыл осындай заңсыз сауда жасап келген 12 дүңгіршек сүріліп алынды. Олардың төртеуін жекеменшік иелері өз еркімен бұзған. Қалғандары мердігерлік компания өкілдерінің күшімен сүрілген.

Құзырлы орган өкілдері жабайы саудамен күрес әлі де күшейетінін жеткізді.

Мектептің шатыры ұшып кетті

"Қостанай облысының Қарасу ауданында жел мектеп спортзалының шатырын ұшырып әкетті", – деп хабарлайды облыстық ТЖД баспасөз қызметі. Оқыс оқиға туралы хабар диспетчерлік қызметке 22 шілде күні түскен.

"Жамбыл ауылында күшті жел негізгі мектептің спорт залының шатырын ұшырып кеткен. Зақымданған аудан 270 шаршы метрді құрайды", – деп мәлімдеді ТЖД өкілдері. Құрбан болғандар жоқ, ешкім зардап шекпеген.

Қазір оқиға орнында арнайы комиссия жұмыс істеп жатыр.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

Жетістіктер жетерлік

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясы жылды жоғарғы дәрежеде аяқтады. Себебі, биыл өнерпаздарымыз облыстық деңгейде ғана емес, республикалық, халықаралық сахналарда өнер көрсетіп келді. Басты жаңалығымыз – маусым айының басында облыстық филармонияның "Ақжелең" фольклорлық ансамблі Мысырда өткен халықаралық байқауға қатысты. Бұл біз үшін жоғарғы жетістік. Халық аспаптарынан құралған ансамбльдің өнерін Египет халқы жылы қабылдады. "Ақжелең" ансамблі Құрманғазының күйлерін, Қорқыттың қобыз сарындарын, Сүгір мұраларын қасиетті қара домбыраның үнімен шебер жеткізе білді. Аталмыш байқау Мысыр теледидарларының тікелей эфирінен берілді. Біздің өнерпаздар "Бас қосу" атты үш сағаттық бағдарламаға қонақ ретінде қатысты.

Сонымен қатар, биыл қазан айында Арман Жүдебаевтың, Береке Еңкебаевалардың қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Сүндет Байғожиннің "Туған жер" атты ән шашуы да қостанайлықтарға арналды. Кеште"Астана Опера" мемлекеттік опера және балет театрының солистері Мейір Байнеш пен Айзада Қапанова ән салды. Осынау концертті қала тұрғындары екі сағат бойы тапжылмастан тамашалады. Кеш соңына қарай Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеумін біраз әндер орындалды.

Қазақ халық аспаптар оркестрінің он жылдығына арналған Халықаралық дирижерлер форумы өтті. Форумға Өзбекстанның халық әртісі, дирижер Фарух Садықов, Астана қаласындағы Өнер университетінің профессоры Ануар Нүсіпбаев, орыс камералық "ЛАД" оркестрінің көркемдік жетекшісі, бас дирижері, РФ еңбегі сіңген әртісі Сергей Безбородов, РФ еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Владимир Лавришин қатысты.

Ресей төрінде өнер көрсеткен Ольга Квитканың жетістігі біз үшін мәртебе. 12 маусым күні "Костанайские зори" Челябі облысына барып, облыс намысын қорғап қайтты.

Елорданың 20 жылдығына орай облыста Астана күндері өтті. Осы мәдени шараның аясында Қостанай тұрғындары елордалық өнерпаздардың "Астанадан ақ тілек" атты концертін тамашалады. Біздің өнерпаздар да Астанаға барып, жоғарғы дәрежеде өнер көрсетті.

Әрине, биылғы жылдың басты оқиғаларының бірі – Домбыра күні. Айтулы мерекеге облыстық филармонияның өнерпаздары қатысты.

Концерт маусымы "ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы" саябағында өткен Астана күніне арналған шарамен аяқталды.

"Келесі концерт маусымы тамыз айында басталады. Филармонияның шығармашылық ұжымы облыстық спартакиадаға, одан соң Астанадағы республикалық фестивальге барады. Алдағы жылда қостанайлықтарды жақсы жаңалықтармен қуантамыз!" – дейді Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясы директорының міндетін атқарушы Дәмір Қалқаев.

Қауіп-қатерсіз әрі асқынусыз

Жақында Қазақстаннның бас санитар дәрігері қажылыққа баратын барлық қазақстандықтар, оның ішінде тамыз айында аттанатындар мен жыл ішінде Умраға (шағын қажылық) баруды жоспарлағандар менингококк инфекциясына қарсы екпе жасатулары тиіс екенін еске салды. Мұндай талапты қабылдап отырған тарап – Сауд Арабиясының әмірлігі. Менингококкқа қарсы вакциналаудың маңыздылығы жайында мамандар жан-жақты түсіндіріп берді.

Қажылық маусымы кезінде әр мұсылман үшін қасиетті саналатын Мекке мен Мединаға әлемнің 160 елінен екі миллионнан астам адам ағылады, мұндай нөпірде, әлбетте, менингококк инфекциясының таралуы жиілейді. Сонымен қатар сарапшылар әлем бойынша бұл аурудың бірнеше түрінің таралуын осы қажылықпен байланыстырады. Айталық, Еуропаға менингококктың W тобы қажылыққа барған адамдардан келді деп болжанды. Менингококк инфекциясы қажылық кезінде жиі таралуы мүмкін. Өйткені, 2000 жылы ауруды жұқтырған 206 оқиға тіркеліп, дерттен көз жұмғандардың көрсеткіші 30% -ға жеткен болатын.

Дегенмен, жақында Қазақстанның бірқатар өңірлерінде менингококк инфекциясына шалдыққандар әрі осы аурудан көз жұмған оқиғалар туралы, сонымен қатар БАҚ мен әлеуметік желілердегі байбалам жайында, жалпы менингиттің қаупі туралы отандастарымыз хабардар. Десек те, қажылық пен Умра кезінде менингококты жұқтыру қаупі жайында көбісі біле бермейді.

"Қажылық пен Умрада менингококк инфекциясын жұқтырып алудың екі бірдей маңызды себебі бар. Біріншіден, Сауд Арабиясы менингококк инфекциясына шалдығудың жоғары қауіпті гиперэндемикалық аумағына жатады. Сонымен қатар, бұл жерді сахараның оңтүстігі мен экватор орманы, Қызыл теңіз бен Атлант мұхиты аумақтарын қамтитын "менингит белдеуі" деп атайды. Екіншіден, менингококк бір адамнан екіншісіне ауатамшылы жолмен немесе жеке тығыз байланыс кезінде ғана жұғады. Сол себептен, бұл жұқпалы дерттің таралуына қолайлы орта – адамдардың көп шоғырлануы, бірнеше сағат бойы бір метрге дейінгі жердегі тығыз байланыс. Қажылық пен Умра кезінде қауіптен қорғану үшін менингококк инфекциясына қарсы төртвалентті вакцинаны (ACWY) қабылдаған жөн әрі екпені Сауд Арабиясына барар алдында иммунитеттің қалыптасып үлгеруі үшін 10 күн бұрын жасату қажет. Конъюгиравты вакцина екпесіне 5 жылға дейінгі мерзімде сертификат беріледі. Ал егер сертификатта қандай вакцина қабылдағаны көрсетілмесе – сертификаттың қолданылу мерзімі 3 жыл. Сауд Арабиясы Әмірлігінің Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысына сай бірқатар елдердің қажылыққа келген азаматтары полиомиелитке қарсы вакцина қабылдағандары жайында сертификат көрсетулері тиіс, алайда Қазақстан мұндай елдердің қатарында жоқ", – деді ҚР ДСМ "ҚДСҰО" ШЖҚ РМК "СЭСжМҒПО" филиалының Екпелік басқару инфекциялары мен иммунопрофилактика Басқармасының басшысы Айнагүл Қуатбаева.

Бұдан басқа, Сауд Арабиясы Әмірлігінің Денсаулық сақтау министрлігі қажылыққа келетіндерден ауруға қарсы иммундау статусын жаңартуды ұсынып отыр. Бұған дифтерия, сіреспе, көкжөтел, жұлын қабынуы, қызылша, желшешек және шошқаборық аулуларына қарсы екпелер кіреді. Алайда, менингококк инфекциясына қарсы екпе міндетті түрде талап етіледі.

Қауіпті дерттің салдары ауыр мүгедектікке әкеліп соқтыруы ықтимал, тіпті аурудан көз жұму қаупі де жоғары, сол себептен сақтанудың қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Алайда, Сауд Арабиясы Әмірлігіне виза алу үшін менингококк инфекциясының алдын алуға арналған екпе сертификаттарының жасанды түрлері көбейіп кеткені мәлім.

"Жасанды екпе сертификаттары этикалық ережелердің бұзылуынан бөлек, менингококк инфекциясын қажылықтағы азаматтардың жұқтыруы әрі Қазақстан Республикасының аумағына алып келу қаупі артады. Сол себептен, барлық мешіттер мен турагенттіктерге сертификаттардың Сауд Арабиясының елшілігінде қабылданатыны жайында ақпарат таратық. Қажылыққа баратындардың алғашқы легі 8 тамызда басталады, сондықтан екпе шараларын тездету қажет. Сонымен қатар, қажылыққа баратындарға күннің көзінен қорғану, сұйықтық мөлшерін көп пайдалану және жеке бас тазалығын сақтау ескертіледі. Қажылық пен Умраға баратын елдердің тұрғындарына ағартушылық жұмыстарын жүргізу ұсынылады: олар тазалықтың басты шарттары, тамақтану, инфекциялық аурулардан қорғану, ыстықтан қорғану", – деп түсіндірді ҚМДБ қажылық қорының директоры Айдар Салқынбаев.

Қазақстанның бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшиннің айтуынша қажылық алдындағы дайындық кезеңінде менингококк инфекциясына қарсы екпені Атырау облысында (Open clinic ЖШС филиалы, Атырау қ., Студентер қиылысы, 205 А); Жамбыл облысында ("НКЦКТ" ЖШС филиалы, ZHANUYA емханасы, Тараз қ., Пушкин көшесі, 41); Түркістан облысы (№1Шымкент қалалық ауруханасы, Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 51); Алматы (вакцинация клиникасы, "Фармаком" ЖШС, Қарасай батыр көшесі, 30; Бузурбаев көшесі, 24; IMC медициналық орталығы, Мұқанов көшесі, 235; Гагарин даңғылы 311а); Астана қ. (Open clinic ЖШС филиалы, Астана, Отырар, 8/2); Маңғыстау облысы (№1 ҚЕ, Ақтау қ., 7 ша, 35 А), Қарағанды облысы (АМСК қалалық орталығы ЖШС, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары 28; №1 ҚЕ, Қарағанды қ., Ипподромная 8) жасатуға болады.

Мамандардың айтуынша, вакцина көптеген инфекциялық аурулардың, оның ішінде менингококк инфекциясының алдын алатын ең тиімді тәсіл. Жақында қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығының ұйымдастыруымен Алматыда өткен менингококк инфекциясына қарсы тұрудың тәжірибелері мен мәселелеріне арналған дөңгелек үстел барысында "менингокок белдеуі" саналатын Африка елдерінің өзінде тап осы вакцина статистиканы түбегейлі өзгертіп, ауруды жұқтырғандар мен көз жұму оқиғаларын азайтуға сеп болғаны айтылды. Онда екпе шаралары біріккен түрде және жаппай жүргізіледі. Ал бізде аурудың кең таралмауына байланысты менингококкқа қарсы вакциналау өзірге ерікті түрде жүруде. Алайда, менингококкқа қарсы вакциналауды кең ауқымда мақсатты түрде қабылдау мәселесі Қазақстанда ашық қалып отыр, ал биылғы жылы дерттің таралуы менингококкқа немқұрайлы қарауға мүлде болмайтынын көрсетіп отыр.

М.ҚАБДРАХМЕТОВА.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

Жаңа қазандықтар іске қосылмақ

Газет сайтында хабарлағанымыздай, өңір басшысы Архимед Мұхамбетов облыс орталығындағы жылу қазандықтарын және жөндеу жұмыстары жүріп жатқан көшелерді аралаған болатын. Қостанай қаласы әдеттегідей жылу маусымына әзірлікті маусым айында бастаған. Дегенмен, тұрғындардың коммуналдық төлемдерге деген қарызы тым көп. Бұл мәселе жауапты мекемелердің жұмысын тежеп отыр. Қазіргі уақытта тұтынушылардың қарызы – 667 млн теңге. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 190 млн теңгеге артық. Ал қазандықтарды қайта жаңарту үшін қомақты қаржы керек. Соған орай тариф құны да қымбаттауы мүмкін дейді коммуналшылар.

– Қарызы бар тұрғындармен жұмысты күшейту керек. Қостанайда қыс ерте басталатынын жақсы білесіздер. Сондықтан, қазан айында үйлерге жылу беруге әзір болу қажет, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы қаладағы №8, 3 және 1-ші қазандықтарды аралады. Барлығы қыс қамына кірісіп-ақ кеткен.

Тағы бір айта кетер жаңалық, Қостанай қаласында қатқыл және көгілдір отын жағылатын қазандықтардан тыс, биылғы қыс маусымына орай сабан және ағаш жоңқалары жағылатын қазандықтар іске қосылады

Экологиялық отын жағатын қазандық Аманкелді кентінде сынақтан өткізілмек. Ол қазір жалпы жылумен қамту жүйесіне қосылған. Қазандыққа қажетті отын көмір немесе газға қарағанда айтарлықтай арзан әрі экологиялық жағынан таза. Бір рет толтырылған қазандық тәулік бойы жылу береді. Әмбебап пештің артықшылығы, қатты, сұйық, газ сияқты отын түрлеріне қарай қайта жабдықтауға болады. Сондай-ақ, сабан жағу үшін қосымша жел үрлегіш қондырғы орнатылған. Өсімдік қалдықтары көмірге қарағанда 5-6 есе арзанға түседі. Жергілікті мамандар құрастырған темір пештің артық тұсы көп.

– Қазандыққа оған көмір мен газдан бөлек отын ретінде өсімдік қалдықтарын пайдалануға болады. Астықты өңірде майлы дақылдардың сабаны негізінен егістік алқаптарында өртеледі. Себебі оның шіруі ұзақ және тыңайтқыш ретінде тиімділігі шамалы. Осыны ескеріп, біздің мамандар сабанды іске жаратудың амалын қарастыра бастаған. Нәтижесінде, өсімдік қалдықтарын жағатын қазандық құрастырып шығардық. Өнімділігі 0,6-1 гигакалорияның айналасында, яғни 50 пәтерлі бес қабатты үйді жылытуға жеткілікті, – дейді Қостанай жылу-энергетика компаниясының бас инженері Николай Беляк.

Маманның сөзінше, қазандық қондырғыларды таңдағанда, оның қуатын асыра алу керек, себебі қуаты ең үлкен қазан істен шыққан жағдайда қалған таңдалынып алынған қазандар жылытуға, желдетуге, ыстық сумен жабдықтауға қажетті жылу шығындарының орнын толтыруы қажет. Блокқа шығырмен қоса орналастырылатын қазанның бу өндірулігі шығыр арқылы алынатын өткір будың мөлшеріне байланысты таңдалынады. Қазандық қондырғы қазанның негізгі агрегатынан және қосымша жабдықтардан (газ және ауа құбырларынан, оттықтан, үрлеу құрылғысынан) тұрады. Тұрғын үй, қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттардың және технология тұтынушылардың, өнеркәсіптік мекемелердің жылыту, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерін жылумен жабдықтауда қолданылады. Шағын қуатты қазандық қондырғыда қосымша құрылғылар болмайды, оның есесіне қоректендіргіш арматуралар және қазанға құйылатын су әзірлейтін жабдықтар бар. Қазан цехында, ЖЭО-да әдетте бірнеше қазандық қондырғылары орнатылады. Бұл қазандар ортақ магистраль бойынша қоректендіріледі. Буды ауық-ауық қыздырып тұратын қуатты қазандық қондырғы қазан-турбина блогы жүйесін түзеді. Бұл – Қостанай қаласында бұрын соңды қолданылмаған әдіс.

Қазіргі уақытта газбен жұмыс істейтін тағы бір қазандық та дайын тұр. Қажет болғанда оны да қосуға болады.

Жалпы, биыл Қостанайда қазандықтар мен жылумен қамту жүйесін жөндеуге 3 миллиард теңге мөлшерінде қаражат бөлінген. Қала билігінің мәлімдеуінше, қазан айына дейін-ақ дайындық жұмыстары аяқталуы тиіс.

– Елімізде энергетиканың дәстүрлі түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлініп, өндіріс пен тұрмыста жаңа технологиялар арқылы жаппай электр қуатын барлық жерде үнемдеуге қолдау көрсетуге басымдық берілгені белгілі. Биыл облыста инвестициялық бағдарлама бойынша үшінші су жылытатын қазанға күш салынып жатыр, оған 21 миллион теңге бөлінген. Екінші турбинаны жөндеу міндеті де тұр. Оны 10 тамыздан 25 қыркүйекке дейінгі аралықта орындаймыз, – дейді Қостанай ЖЭО бас инженері Константин Нагорный.

Коммуналдық қызметкерлердің айтуынша, дайындық жұмыстарын ертерек бастауға Еуропа қайта құру және даму банкінің қаржыландыруды кешіктіруі себеп болған. Дегенмен, жылумен қамтушылар қысқа дайындықты аяқтаудың мерзімі мен сапасына бұл әсер етпейтінін айтып отыр.

Көшелері қалыпқа келеді

Облыс орталығындағы басты жолдардың бірі – Тәуелсіздік көшесіндегі жөндеу жұмыстары ұзаққа созылып кетті. Соның салдарынан қалада көлік кептелісі көбейді, тұрғындар қала әкімдігіне хат жазды. Осыған байланысты облыс әкімі жұмысшыларға қатаң ескерту берді. Ал жауапты тұлғалар шілде айының аяғында жолдың кейбір бөліктері ашылады деп отыр.

– Қазір құрылыс жұмыстарының қызған шағы. Жолдың ең күрделі тұсы – Баймағамбетов пен Алтынсарин көшелерімен қиылысы. Ол аралықты жөндедік. Әлі су құбырларын ауыстыру керек. Бұл жердегі құбырлар 30-40 жылдай жаңартылмаған. Бұрын темірден болса, енді полиэтиленге ауыстырып жатырмыз. Оның сапасы жақсы, – дейді қала әкімінің орынбасары Олжас Нұрғалиев.

Негізінен, Тәуелсіздік көшесінде 1300 метр тасжол қалыпқа келтіріледі. 20 шілдеге дейінгі мәлімет бойынша, оның 540 метрі жөнделген. Айта кетейік, мұнда су құбырынан бөлек, кәріз және жылу желілері ауыстырылмақ. 5 тамызға дейін Тәуелсіздік-Алтынсарин қиылысы, 20 тамызда Тәуелсіздік-Абай қиылысы ашылады. Жөндеу жұмыстары қыркүйектің ортасында толықтай тәмамдалады.

– Барлық тасжолды 15 қыркүйекке дейін аяқтаңыздар. Кейін, салқын түсіп кеткен соң жол жабындысының сапасы нашарлап кетеді. Бұл бюджетке салмағын түсіреді. Тәуелсіздік көшесі қаланың дәл орталығында. Сондықтан барлық жұмыс сапалы жүргізілсін. Қажет болса, жұмыскерлер үш ауысыммен шықсын, – деді Архимед Мұхамбетов.

Қостанай қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Гагарин көшесін қайта жаңғырту аясында, құрылыс-монтаж жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 2018 жылдың 18 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында Гагарин көшесі мен Қайырбеков көшелерінің қиылысы жабылатын болады. Сондай-ақ, Лермонтов көшесінде де құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Келтірілген уақытша қолайсыздықтарға байланысты "Қостанай қаласы әкімдігінің ТҮКШ ЖК және АЖ бөлімі тұрғындардан кешірім сұрайды.

Суреттер газет архивінен және ғаламтордан алынды.

Бетті әзірлеген Қасқырбай Қойшыманов koishymanovkt@gmail.com

ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

ЖЕҢІС ЖОЛЫ

СҰЛТАН БАЙМАҒАМБЕТОВТІҢ ӨШПЕС ЕРЛІГІНЕ – 75 ЖЫЛ!

Кешегі Ұлы Отан соғысының басында неміс және фин әскерлерінің біріккен күші Ленинград қаласын басып алуға жанталасып, бар техникасы мен жаяу әскерлерін төкті. Кеңес әскерлеріне көмекке қала халқынан жасақтар, партизан отрядтары құрылып майдан шебіне жөнелтіліп отырды. 1941 жылдың қазан айында қала құрлық бойынша толығымен жау қоршауында қалып қойды. Қалаға сырттан қатынас үзіліп, халық аштық пен суықтан қырылуға айналды. Бірнеше рет күрделі шабуыл операциялары ұйымдастырылып, қоршауды бұзу әрекеті айтарлықтай нәтиже бермеді. Немістер қарсы шабуылға шығып, алдыңғы шеп қолдан қолға өтіп отырды. 1943 жылдың қаңтар айындағы Ленинград және Волхов майдандарында ұйымдастырылған "Искра" шабуыл операциясынан кейін блокада сөгіліп, Ладога көлінің оңтүстік іргесімен Киров темір жолының бойында жалпақтығы 8-11 шақырымға дейін дәліз (коридор) пайда болды. "Жеңіс жолы" деп аталған қоридормен жаңадан темір жол төселіп, қаланы қорғап тұрған біздің жауынгерлер мен қала халқына елден оқ-дәрі, киім, тамақ жеткізіле бастады. Алайда, Синявинск поселкесінің маңындағы биік шоқыларға шоғырланған фашистер осы Киров темір жолы бойын үлкен жермен қатынасты үзуге тырысып үнемі зеңбіректермен атқылап тұрды. Нева өзенінің оң қанатын жаудан толығымен тазартып,- Киров темір жолы бойында қауіпсіздікті қалпына келтіру және жаудың күшін әлсіретіп, қалаға кезекті шабуылын болдырмау мақсатында Жоғарғы Ставканың шешімімен 1943 жылдың 22 шілде айында шабуыл операциясы басталды. Таңғы сағат 5.00-де басталған авиация мен артиллерия дайындығынан кейін сағат 6.35-те біздің әскерлер жаппай шабуылға шықты.

Пулемет бөлімінің командирі аға сержант Баймағамбетов Сұлтан қызмет еткен 43-ші атқыштар дивизиясы Синявиноның жанындағы биік шоқыларға бекініп алған неміс армиясының 11-ші дивизиясына қарсы орналасқан еді. Осы шабуыл барысында Сұлтанның қасында болған жолдасы Ханиф Гайнутдиновтың "Твои герои, Ленинград!" (Лениздат 1970 ж.) кітабының авторы А.В.Буровқа жазған хатында сол күні болған шабуыл көрінісі толығымен баяндалады.

Бұл Мгинск шабуыл операциясы басталған 1943 жылғы шілденің 22-сі күні еді. Ұрыстың алғашқы күні жасалған Сұлтанның ерлігі майдан газеттерінде жарияланып жауынгерлерге жігер берді. Сазды жерлермен жоғары өрмелеп шабуылға шығу оңай болмады.Теңіз деңгейінен 50 метрге дейін биіктіктегі шоқыларда бетон құйып, бөренеден қазып орнатылған жау дзоттарынан бораған оқ біздің әскерлерді көп шығынға ұшыратты. Тарихи статистикалық деректер бойынша бір айға созылған осы шайқасқа Ленинград және Волхов майданында біздің жақтан 253330 адам, артиллерия, 550 танк, 1000-ға тарта самолет қатысып, 79937 адам қатардан шыққан. ("Мгинская наступательная операция 22.07-22.08.1943").

Белгілі деректерге сүйенсек, ұрыстарда Сұлтан алты рет жаралы болған, бірақ тапсырманы орындамай, қатардан кетіп көрмеген. Жалын шашып тұрған дзоттың амбразурасына жақын барғанда, жиырма үш жасағы жігіт не ойлады? Әрине, амбразураны денемен жабудың өлім екенін ол жақсы білді. Сонда да өлімнен бас тартпады, титтей де жасқанбады. Ол Отаны үшін адал жанын қиып, Неваның жағасындағы жеңіске жол ашты. Осы ретте Бауыржан Момышұлының "Тізе бүгіп, тірі жүргеннен, тік тұрып, өлген артық" деген сөзі еріксіз еске түседі. Расында да, қылшылдаған жас жігіт айналасы 2-3 сағаттың ішінде ғасыр жалғай айтып жүретін ерлік жасады.

Баймағамбетовтың аты өзі қызмет еткен полктың тізбесінде мәңгі сақталған. Күн сайын кешкі тексеруде оның аты аталғанда, кезекші әскер: "Совет Одағының Батыры аға сержант Сұлтан Баймағамбетов Отанын қорғап, қаза тапты!" деп пәрмен береді.

Ұлы Отан соғысына Сұлтанның туған ауылы Қояндыағаштан жетпістен арта азамат алынып, жартысынан көбі елге оралмады.

Аттанды Қояндыдан жетпіс батыр.
Туғызар жауыздарға заман ақыр!
Құртып жауыз фашист-немістерді,
Жеңіспен елге оралып келер ақыр!

Ауыл тұрғыны Әлімбаев Рақымжанның осы өлең жолдары соғыс жылдары Қояндыағаш ауылының ұраны болған еді. 1944 жылы ауыл колхозшылары батырдың атынан танк жасауға 100 мың сом ақша жинап заводқа жіберді. Колхозшылардың атына Сталиннен арнайы алғыс хат келді.

Сұлтанның қаза болған жерінде, қазіргі Ленинград облысы Киров ауданындағы экономика гимназиясына оның есімі берілген. Ескерткіш орнатылды. Кейін Әулиекөлдегі батыр атындағы мектеп-гимназиясынан ол жаққа делегация барып келді.

Расын айту керек, облыс орталығындағы Кеңес Одағы батырларының ескерткіштері қатарында Сұлтанға арналған ескерткіш әзірге болмай тұр. Жеңіс күндері қаламыздың жас жеткіншектері Отаны үшін жүрегін оққа тіккен қас батырымыздың ескерткішіне келіп гүл шоғын қойып жатса, патриоттық сезімі артып, нұр үстіне нұр болмас па?!

Айтбек АҚМАҒАМБЕТОВ.

РУХАНИ ҚАЗЫНА

"Кітапхана – оқу аймағы"

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Осындай атаумен жақында Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасында әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен зерделі кеңес өтті. Оған Аманкелді, Жанкелдин, Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана қызметкерлері мен ауыл кітапханашылары қатысты.

Зерделі кеңестің мақсаты – рухани қазына – кітаптың адамзат өмірінде алар орнын айқындаушы кітап пен кітапханашы екенін түсіндіру, қазіргі жаңарған ақпараттық қоғамда кітапхананың алар орнын айқындау, аймақ кітапханашыларының кәсіби біліктілігін шыңдау. Кеңес барысында кітапхана директоры Қ.Бөрібаева "Кітапхана – жаңғыру дәуірінде", әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі Ә.Ахметжанова "Кітапханада оқуды насихаттаудың қазіргі формалары мен әдістері", Жанкелдин аудандық орталықтандырылған кітапханасының кітапханашысы В.Батырова "Кітапхана – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі", Аманкелді аудандық орталықтандырылған кітапханасының балалар бөлімінің меңгерушісі З.Мұсабаева "Кітап – дәуір айнасы" тақырыбында баяндама жасады. Сондай-ақ, кеңесте ашық сұқбат түрінде өткізілген басқосуда әріптестер күрделі мәселелерді талқылай отырып, оларды шешу жолдарын да ұсынды. Мәселен, "Бір ел – бір кітап" республикалық акциясы аясында биылғы жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын, Бауыржан Момышұлының "Ұшқан ұя" және Немат Келімбетовтің "Үміт үзгім келмейді" шығармаларын оқуды ұсынды. Осыған байланысты кітапханашылар Г.Нұғыманова және С.Көшкінбай қатысушыларға "Жыл таңдауы – Үш кітап" атты викторина ұйымдастырды. Аталған ақын-жазушыларымыздың өмірі мен шығармашылығына сұрақ-жауап арқылы саяхат жасап, олар жайлы біраз мағлұматтарды еске түсірді.

"Кітап – көп ақылдың құйылған көлі" деп халық бекерге айтпаса керек-ті. Ақыл-ой қазынасының мекеніне айналған кітапханада рухани тәрбиені ұлықтау өткенді бүгінгімен сабақтастырып, ұлттық құндылықтарды, оқырмандар оқуға тиіс "100 кітап" жобасын насихаттау мақсатында кітапхана директоры Қ.Бөрібаева "Кітап оқу: кеше, бүгін, ертең" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша шығармашылық ізденістеріне көмектесу, оның жолдарын анықтай білу, оқырмандарды өздігімен жұмыс істей білуге баулу және кітапханаға оқырмандарды тарту жайлы әңгіме қозғады. Оқырмандармен жұмыс жасауда кітапханашылардың білім, білік, икем дағдыларын қалыптастыруға бағыт-бағдар берді.

Іс-шараға қатысушы қонақтар зерделі кеңесте өз тәжірибелеріне құнды идеялар алғандарын, тәжірибе алмасқандарын айтып, өз ризашылықтарымен тілектерін білдірді. Алдағы уақытта кітапханамызда осындай тағылымы мол іс-шаралар жалғасын табады деп ойлаймыз.

Кітап – ақылды қуаттандыратын құрал. Кітап оқу – жан-дүниеңді байытады.

Олай болса, кітап оқиық, талқылайық, кітаппен сырласайық, ағайын!

Сәуле ЕРМАҒАНБЕТ.
Аманкелді ауданы.

ҰЛАҒАТ

Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік...

Елу жыл, табаны күректей жарты ғасыр. Ұзақ уақыт болса да күні кеше сияқты. Бәрі-бәрісі есімде. Думанды мектеп өмірі, бақытты балалық, жастық шақ, тәрбие мен білімнің нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаздар, ақжарқын да бауырмал сыныптастар... бәрі-бәрісі көз алдыма тізіліп келе береді... Енді бір сәт Тұманбай Молдағалиев ағамыздың мектеп қабырғасында жүрген шағын кейінірек есіне алып:

Есімде менің, есімде,
Бірге оқыған кездерім.
Есімде менің, есімде,
Сенің мөлдір көздерің.
Бірге отырып өзіңмен,
Бірге ойнаған кездерім,

– деп ағынан жарыла жырлаған жыр шумақтары ойыма оралып, өн бойымды жастық шақты аңсаған сағыныш сезімі билеп жүре береді...

Бүгінде сол замандастарымыз самайларын боз қырау шалып, жетпісті алқымдай бастаған, бір әулеттің баға жетпес алтын қазығына айналған, балаларының оңды қадамына, немерелері мен шөберелерінің қызығына бөленіп отырған құрметті әрі сүйікті аталар мен әжелер. Бұдан 50 жыл бұрын, яғни 1968 жылы маусымда Семиозер ауданындағы (қазіргі Әулиекөл) Целинный орта мектебінен түлеп ұшқан түлектердің көбі таяуда облыс орталығына жиналып, сағынышпен қауышты. Асыра айтқандық емес, бұл сынып қатулықтан гөрі татулықтың, бауырмалдық пен сыйластықтың тамырына терең бойлап, қандай да бір іс-шараға белсене кірісіп кететін ұйымшыл әрі үлгілі ұжым болды. Содан да болар арғы жағы Қапшағайдан, бергі жағы Астанадан жиналып, әр жылдарда мектеп бітіруіміздің 3, 10, 20, 30, 40 және 45 жылдық мерейтойларын көтеріңкі көңілмен атап өткенбіз. Кең жайылған дастарқан басында бас қосуға келе алмаған достарымызды еске алып, жастық шағымыздың сол бір мәңгі ұмытылмас жылдарына саяхат жасап қайтатынбыз. Айтылмаған әңгіме, шертілмеген сыр, шырқалмаған ән қалмайтын. Бүгінде сол кездесулерді еске алудың өзі бір ғанибет.

Өкініштісі сол, жас кезімізден құлынтайдай тебісіп бірге өскен кейбір достарымыздың тағдырдың жазуымен арамызда болмағаны көңілге қияу салмай қоймайды. Есепке жүйрік Киікбай Таңатқановты, сырбаз азамат Бақытжан Жүсіпбековті (Әлпейісов), салмақты да сабырлы мінезімен ерекшеленіп тұратын апамыз Нұржамал Нысанбаеваны, ал нарықтың қыспағына тап болған егеменді елінің халқына шарапаты тисе екен деп тынық судан электр энергиясын өндіретін "Мәңгі қозғалтқышты" ойлап тапқан, оны іске асыру үшін Астанадағы талай шенеуніктер мен ғалымдар кабинеттерінің табалдырығын тоздырып, арманына жете алмай өмірден күні кеше озған Бақытжан Омарұлы Әлменовты қалайша еске түсірмеске. Журналист сыныптасының осы мерейтойға арнаған "Алтын ұяның жылуы" атты естеліктер кітабын, мектеп бітіруіміздің жарты ғасырлық мерейтойын көре алмай келместің қара жамылған кемесімен бақилыққа жүзіп кете барған оларды қимастықпен және сағынышпен еске алып, дұға бағыштаймыз. Топырағы торқа, иманы серік болсын, олардың жасамаған жасын бауырларына, балаларына, немерелері мен шөберелеріне берсін!

"Болашақтың данасын да, ғалымы мен басшысын да ұстаз өсіреді, сондықтан ананы қалай ардақтасақ, ұстазды да солай құрметтеуіміз керек", деген қазақ халқының хас батыры Бауыржан Момышұлының осы бір қанатты сөзі ұстаз мерейін үстем етіп, абыройын асыра түспей ме. Алайда білім нәрімен жалықпай сусындатқан, өмірдің түзу әрі өкінбес жолына түсуімізге бағыт-бағдар берген Ұлы Отан соғысының ардагері Оспан Бекбосынов, Сапабек Жапаров, Мэлс Ғабдоллин, Халида Шортанбаева, апалы-інілі Қайырбек Игісінова мен Көпжасар Қалиев, Ботакөз Сейілова, неміс тілінің мұғалімі Лея Годгольдовна Ульрих сияқты тағы басқа ұстаздардың бұл өмірмен қоштасып, қыр асып кеткеніне не заман. Біз, шәкірттер үшін олар ұзақ жасайтын сияқты болып көрінетін. Амал не, олай болмады. Бүгінде санамызда ерекше мейірімге толы ұмытылмас естеліктер ғана қалды. Көз алдымыздан әлі де кетпейтін жарқын бейнелеріне бас ие отырып, марқұмдардың иманы салауат, жатқан жерлері жайлы болсын дегіміз келеді.

Шәкірт жүрегіне жол тауып, сапалы білім және саналы тәрбие беруге елеулі еңбек сіңірген, бүгінде аяулы ата-әже атанып, немере-шөберелерін тәрбиелеп жатқан тоқсан жастағы әдебиетші Аңсаған Құсайынов, орыс тілінің майталман мамандары ерлі-зайыпты Сүгірәлі және Зылиха Нәбиевтер, химия және биология пәнінің мұғалімі Кәсіл Нысанбаева, Айжамал Ғабдоллина сияқты тағы басқа ағайапайларымызға елу жыл ішінде арманға қол созып, қияға қанат қаққан екі мыңнан астам шәкірттері атынан шексіз алғыс сезімін білдіреміз. Бабаларымыздың "адамды бақытты етіп тәрбиелеуге болмайды, бақытты болатындай етіп тәрбиелеуге болады" деген мәңгі өшпес қағидасына сүйенетін болсақ ұстаздарымыздың мұны ұдайы есте ұстағанының айқын куәсі боламыз.

Несін жасырамыз, өмірден көріп жүргеніміздей білім ұрығын сеуіп жүрген мұғалімдерді еске алып, еңбегіне сай құрмет көрсету әлі де болса өз дәрежесінде емес. Тіпті біздің өзіміз де кезінде оларды бағалай алмаған сияқтымыз. Ұлағатты ұстаздардың қадір-қасиетін мектеп қабырғасында жүргенде емес, отбасын құрып өз ұрпағымызды тәрбиелей бастағанда ғана ұғынғандаймыз. Солай бола тұра үлгі-өнегесімен өрге сүйреп, бойыңа білім нәрін құюмен қатар өмірден өз орныңды таба білуіңе ықпал жасаған киелі мамандық иелеріне шәкірттік сезіміңмен айтар алғысың, тілер тілегің ретінде қалайша тік тұрып бас имессің!

Түлектер ұстаздарының қажырлы еңбегі арқасында бойына сіңірген білім мен тәрбиені өмірде білгірлікпен қолдана білді. Көбі жүрек қалаған мамандықтарына қол жеткізді. Әрине олардың бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Әйтсе де ұстаздардың Таллинде өткен "Мәскеу-80" Олимпиадасына қатысып, сынға түскен және асық атудан Қазақстанның үш дүркін чемпионы атанған спортшы Серікбай Жиенәлинді, өнертапқыш Бақытжан Әлменовті, ғалым Сайлаубек Дүзелбаевты, мал мамандары Қарақойшы Көшкінбаев пен Батырбек Есмағамбетовты, Бақыт Тынымбаеваны, кәсіпкерлер Балшекер Жүнісова мен Балкен Балабаеваны, жүргізуші Шалғынбай Мешітбаевты, медицина қызметкері Райхан Арыстанова мен бухгалтерлер Рақила Күзенбаева, Сағила Бекжанова, Бөпежан Құсайынованы және тағы басқаларын жиі ауызға алуы жайдан-жай емес.

– Мен шәкірттеріммен мақтанамын. Олардың атақ-даңқы ұстазынан да асып түссе екен деп тілеймін, – дейді мектепке 40 жылдан артық басшылық еткен Сүгірәлі Нәбиев ағынан жарылып.

Целинный орта мектебінің 1968 жылғы түлектерінің жарты ғасырдан кейінгі кездесуі ұмытылмас оқиға болды. Сағынышпен көріскен аталар мен әжелер мектеп өмірі мен жастық шақтың қайтып оралмас қызықты сәттерін тебірене еске алды. Тәрбиелеп білім нәрімен сусындатқан, мамандық алып, өмірдің түзу жолына түсуге жарқын жол ашқан ұстаздарына шексіз алғыс сезімін білдірді.

Қанат АУЖАНОВ,
мектеп түлегі, баспасөз ардагері.

СУРЕТТЕ: мектептің 1968 жылғы түлектері.

Қауіпсіздікті сақтауға шақырды

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Су айдындарында адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігінің мәжіліс-залында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша облыстық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті. Отырыс жұмысына төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша облыстық комиссияның мүшелері, қала мен аудан әкімдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары мен жауапты қызметкерлері қатысты.

Қостанай облысы әкімінің орынбасары С.Карплюктің айтуынша, күннің ысуына байланысты су айдындарында демалушы адамдардың қарасы көбейді, сәйкесінше олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Сақтық шараларын сақтау – судағы қауіпсіздіктің басты шарты. Судағы төтенше жағдайларды болдырмау үшін, барлық пәрменді шараларды қабылдау қажет. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлу керектігін ескертті.

Мұнан кейін облыстық ТЖД бастығының міндетін уақытша атқарушы Руслан Орынбеков өңірдегі қазіргі ахуалға тоқталды. Оның айтуынша, шомылу маусымының орнауымен қостанайлық құтқарушылар судағы қауіпсіздік тәртібі ережелерін анықтау бойынша белсенді жұмысты ұйымдастыруда. Күн сайын су қоймаларындағы адамдардың қазасының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс өткізіледі. Құтқару бөлімшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылды, тұрғындар шомылатын апатты жағажайларда және жабдықталмаған жерлерде күзет қойылды. Мұндай аумақтарды күзету үшін 6 оңтайлы топ құрылды.

Атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан ағымдағы жылы облыстың су объектілерінде 12 адам суға батып кетті, оның 6-уы – балалар. Өткен жылдың осы мезгілінде 7 адам суға кетті. Бақытсыз жағдайлардың басым бөлігі, әсіресе демалыс және мереке күндері, судағы қауіпсіздік тәртібі ережелерін өрескел бұзудан болып отыр.

Тобыл өзеніндегі қайғылы жағдайларға байланысты, СӨАЖҚЖ және ТЖД күштерімен Гагарин бөгенінің аймағында құтқарушылар кезекші бекеті ұйымдастырды. Тұрғындардың жаппай шомылу орындарында 2 тәулік бойы жергілікті полиция қызметінің күзет жасағы қойылды.

СӨАЖҚЖ және ТЖД жергілікті полиция қызметімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының 6697 әскери бөлімімен бірлесе қоғамдық орындарда демалушылармен тәртіп ережелерінің бұзылуын болдырмау үшін 763 рейд өткізілді. 37 әкімшілік заң бұзушылық анықталды, оларға 96 200 теңге сомасында әкімшілік айыппұл салынды.

Облыстың су қоймаларында шомылу маусымы кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 21 адамды құрайтын 15 құтқару бекеті құрылды. Осы бағытта жұмыстар жалғасуда.

Жазғы кезеңде жасы кәмелетке толмағандардың қаза болуын болдырмау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстары туралы облыстық білім басқармасының басшысы Б.Даумова айтып берді. Білім беру басқармасымен балалардың белсенді демалыс орындарында қауіпсіздік шаралары жасалуда. Соған қарамастан биыл өңірде 6 жасөспірім суға батып кетті.

– Қайғылы жағдайлардың негізгі себептері – ата-аналар жағынан тиісті бақылаудың болмауы, сонымен қатар жабдықталмаған орындарда шомылудан, – дейді Б.Даумова.

Отырыс барысында қалалар мен аудандар әкімдіктері басшылары су қоймаларында адамдардың қаза болу және жарақат алуын болдырмау, тыйым салу белгілерін орнату, жабдықталған демалыс орындарын және қоғамдық посттарды құру бойынша жергілікті атқарушы органдар тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар тыңдалды.

Кітаппен дос болайық

Кітап оқығанды жақсы көретін адам бақытты. Ең үлкен досың – кітап. Кітап – шебер ұстаз, тілсіз мұғалім.

Кітап – жан айнасы, оған қарап ойыңды да, бойыңды да түзеуге болады. Оған қарап оғаш мінезіңді, ерсі қылығыңды көріп түзейсің. Айналаңдағы адамдарға мейіріммен қарауға үйренесің. Кейде жаңсақ, жаңылыс басқан қадамдарың болса оны оп-оңай аңғарасың.

Аманкелді аудандық

орталық балалар кітапханасы оқырмандарды кітапханаға тарту мақсатында Байғабыл ауылының А.Нұрманов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің жанындағы "Жайдары жаз" жазғы демалыс лагерінің оқушылары үшін арнайы шара ұйымдастырды. Кітапханашылар ауылдан ат арытып келген оқушыларға кітапхананың құндылығы мен ерекшелігі, оның білімге апарар жол екендігін, ал кітаптың маңызы өте жоғары рухани байлық болып табылатынын айтып берді. Шара барысында кітапханаға экскурсия жасалып, кітапхана меңгерушісі оқушыларға кітапхана тарихы жайлы мәлімет берсе, оқушылар өздері оқыған кітаптары жайлы әңгімелеп, ой-пікірлерін ортаға салды.

Зарина АМАНТАЙҚЫЗЫ,
аудандық орталық кітапхананың меңгерушісі.
Аманкелді ауданы.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Тарихи орындарға тағзым

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалықтағы облыстық "Дала өлкесі тарихы" музейінде "Арқалық аумағындағы тарихи-мәдени және табиғи ескерткіштер" атты тұрақты экспозиция ашылды.

Елбасы Н.Назарбаев "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында: "Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған "Туған жер" бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек.

Ол үшін "Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары" немесе "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы керек", – деп атап көрсеткен болатын.

Осыған орай елімізде "Сакралды Қазақстан" ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, өңірлерде сакралды орындарды анықтау бойынша облыстық комиссиялар жұмысын бастаған болатын. Нәтижесінде "Қазақстанның киелі орындарының картасы" жасалып, оған Қостанай облысынан 10 ны-

сан енгізілді.

Ілкімді іс-шарада қалалық мәслихат хатшысы Гүлбану Елтебаева, ардагер Кәки Ақан, өлкетанушы Шәптібай Бәйділдин, ҚР Мәдениет қайраткері Жұмағали Өмірбек сөз сөйлеп, ақсақалдар экспозиция кермесін қиды.

– Біздің "Арқалық аумағындағы тарихи-мәдени және табиғи ескерткіштер" атты тұрақты экспозициямыз тарихи мәні бар 15 нысанды қамтып отыр. Олар: "Құлымбет әулие кесенесі", "Бақсымола", "Қостам, "Әбдіғапар хан кесенесі", "Қыз тамы", "Екі дің, "Жәуке батыр кесенесі", "Шоң би кесенесі", "Мақат сағанасы", "Қайыңды-3", "Қожай", "Матросов-1" археологиялық қазба орындары және түрлі жұмбақ белгілерге толы табиғи ескерткіш "Маятас". Бұл нысандардың ішінде "Төлек Жәуке батыр кесенесі", "Әбдіғапар хан кесенесі", "Кейкі батыр кесенесі" және "Екідің ескерткіші" ұлттық маңызы бар нысандардың қатарында аталып, Қазақстанның киелі орындарының картасына енді, – дейді музей басшысы Асхат Қасен.

Арқалық қаласы.

Интернет саудасы қызып тұр

Қостанай қаласының полициясы шаһар тұрғындарына интернет-алаяқтарынан сақ болуға шақырады.

"Интернет қолданушылары өзіне қажетті тауарды ғаламтордан іздеп отырып, қалаған затын арзан бағада көріп қалуы мүмкін. Ал бірақ, қарапайым адамдардың көбі аталған хабарландырудың қақпан екенін сезе бермейді. Өзара жазба алмасу кезінде сатып алушы мен сатушы ортақ бағаға келісіп, төлем жүргізу әдісін ақылдасып алады. Көп жағдайда келісілген сома толығымен QIWI-әмиян арқылы аударылады. Сома қолына тигеннен кейін сатушы ізім-қайым жоқ болып, аккаунтын жойып жібереді", – делінген облыстық ІІД баспасөз қызметінің баспасөз хабараламасында.

QIWI-әмиянды тіркеу үшін ешқандай құжат керек болмағандықтан, алаяқтардың тасы өрге домалап тұр. Бұл жағдай тәртіп сақшыларының жұмысына қиыншылықтар туғызады.

Жыл басынан бері Қостанай қалалық ішкі істер басқармасына интернет-алаяқтық әрекеттері бойынша 66 шағым келіп түскен. Әсіресе алаяқтар "ОЛХ", "Колеса" сияқты белгілі сайттарға хабарландыруларын жариялайды. Олардың біршамасы Қазақстанның басқа қалаларынан немесе Ресейден, болмаса басқа да көршілес елдерден екені белгілі болып отыр.

Мәселен, Қостанай қаласының 44 жастағы тұрғыны белгісіз біреулер дәл осындай жолмен 30 000 теңгесін қолды еткенін айтып арызданған. Тапсырыс беруші "Колеса" интернет сайты арқылы ақшасын төлеп қойып, тауарын үйінде күтіп отырған. Алайда, тауар уәде берілгенімен сол күйі жеткізілмепті. Алданғаннан кейін ғана әлгі адам ондай интернет-дүкеннің мүлде жоқ екенін білген.

25 жастағы қыз да осындай жағдайға тап болды. Жәбірленуші 10-шілде күні "ОЛХ" сайты арқылы жиһазға тапсырыс беріп, алғашқы 10 000 теңге төлемін төлеп қойыпты. Алайда, алаяқтар оны да алдап, ақшасын алып, аккаунтын жойып жіберген.

Интернет-алаяқтардың құрбаны болмау үшін құқық қорғаушылар әлеуметтік желідегі күдікті келісімдерден бас тартып, алдын ала ақы төлеуге асықпауға шақырады.

Алаяқ әйелдің әрекеті

Қостанайда 40 жастағы әйел "FIVE WINDS Asset Management" атты қаржы пирамидасын құрып, ақшасын еселеп қайтарып алатындарына сендіріп, елден ақша жинаған.

Алаяқ аталған компанияның төлем жүргізуін тоқтатқанын біле тұра, "FIVE WINDS Asset Management" компаниясына инвестициялық портфель ашқан.

40 жастағы әйел адам қаржылық пирамиданы тұрғындардан аса ірі көлемде ақша тарту мақсатында "FIVE WINDS Asset Management" айналасында ұйымдастырған. Қазіргі таңда күдіктіні жауапқа тарту үшін полицияға 20-дан астам азамат арыз түсірген. Келтірілген шығын 20 миллион.

Қазіргі күні оған қатысты ҚР ҚК "Алаяқтық" 190-бабы 3-тармағы бойынша қылмыстық іс тергеліп жатыр.

"Қаржылық пирамиданың" іс-әрекетінен зардап шеккен тұрғындар болған жағдайда, жедел арада Қостанай қалалық ішкі істер басқармасының кезекші бөліміне және 52-60-54 нөмірлеріне хабарласуларын сұраймыз. Қылмыстық істің тергелуі ішкі істер департаментінің бақылауында", – делінеді баспасөз баянында.

Ш.АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

Құлан туралы комикс

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Алтынемел құландарын Торғай даласына жерсіндіру туралы комикс шығарды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

"Былтыр Алтынемел ұлттық паркінен Алтын-Дала резерватына 9 құланды көшірген болатынбыз. Сол кезде біз үшін үлкен қауіптің бірі браконьерлік болды. Оның алдын алу үшін жергілікті халықпен кездесіп, бұл жобаның Торғай даласына маңыздылығын түсіндірдік. Қалың жұрт бұл ісімізді құптап, өздері қорғауға, сақтауға ынта білдірді", – деп жазды ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитетінің баспасөз хатшысы Сәкен Ділдахмет Фейсбуктегі парақшасында.

Оның айтуынша, құландар жергілікті мектеп оқушылары үшін үлкен жаңалық болған.

"Энциклопедияның тілімен емес, заманауи тілмен мектеп оқушыларына арнап қазақ тілінде комикс шығардық. Бір жағынан балаларды құланның табиғатымен таныстырсақ, екінші жағынан оны қорғауға, сақтауға үндеу білдірдік. Біздің басты ойымыз – жануарлар дүниесінің маңыздылығын түсінген бала, табиғатқа қиянат жасамайды", – дейді С.Ділдахмет.

Министрлік өкілінің хабарлауынша, қазіргі уақытта құландар Торғай даласына үйреніп, аманесен жерсініп кетті.

Рахимов Нурмухамбет Байтановичтың сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Варваровка а. аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған көлемі 80,7 га 12-184-037-028, көлемі 64,0 га 12-184-037-029 бөлінеді жер учаскелер жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Реквизиттер төлеу: KZ63998GTB0000290657 ЖСК, "Цеснабанк" АҚ, TSESKZKA БСК. Сауда 2018 жылғы 07 тамыз 10.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Варваровка а. Мир көшесі, 101 үй, Өтінімдер 2018 жылғы 06 тамыз 18-00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Дзержинский көшесі, 61Б үй, телефон 87752963779.

Доверенное лицо Рахимова Нурмухамбета Байтановича Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования на земельные участки, расположенные на территории с.Варваровка, Узункольского района, Костанайской области, для ведения крестьянского хозяйства, 12-184-037-028 площадь 80,7 га, 12-184-037-029 площадь 64,0 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5 календарных дней с момента проведения торгов. Платежные реквизиты: ИИК KZ63998GTB0000290657, АО "Цеснабанк", БИК TSESKZKA. Торги состоятся 07 августа 2018 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Узункольский район, с.Варваровка, улица Мира, дом 101. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 06 августа 2018 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, г.Костанай, ул.Дзержинского, 61Б, телефон 87752963779.

ТІРШІЛІК МИНИАТЮРАСЫ

Есілдің шағалалары...

... Өзен айдыны, өзен бойы тіршілігін жаз әлемінде шағаласыз елестету қиын. Есілдің қамысты, қоғалы жағалау тұстарына мамыр басынан ұя салып, маусымның ілкім күндерінде балапан өргізетін құстардың бұл мекенге екі түрі көбірек бауыр басады. Біріншісі қарабас, қызыл сирақ беймаза майда шағала, олар таяздан шабақ қағып, жағалау бойында байыз таппай ұшады. Ал екіншісі кәдуілгі қарала бас өзен шағаласы, бұлар қос-қостан – ұябасар мен аталық болып, бірнеше пары үйірлесіп жаз күндерін әдетте бірлесіп өткізуді ұнатады. Қара қанаттанып, өздерімен бірге ұшып, бірге қонып жүрген балапандарымен бірге топталып жағалауда қаз-қатар тізіліп отыру – өзен шағалаларының дағдылы тірлігіндей. Есіл жағасынан мен байқаған бүгінгі мына көріністер өзен шағалаларының осындай тіршілігінен аз- кем баян ететін сияқты. Қанат қауырсындарының үсті мен ұшы қоңырала, әлі ересекке тән көкшіл түстің реңкіне толық енбеген балғын шағалалар ата-анасының маңынан ұзағысы жоқ. Жағалау сәулетінің қызыл граниттен қашалып жасалған, қазір енді саңғырықтың ақсұр тамшылары әбден айғыздап тастаған үлкен шарының кіндік төбесі осы шағалалардың әрқайсысы әжетін атқару үшін қорғалап отыратын ең сүйікті орны ма дерсің. Қалай болғанмен бұл да Есіл бойындағы шағалалы жаздың өмірінен сыр беретін табиғаттың өзіндік бір көрінісі.

...Шіліңгір шілде орта тұсынан ауып бара жатқан мезеттерде, бүгін, мінеки, бір сәтке Есіл жағасында шағала-тіршілік маужырай қалыпты...

Мәди АЙЫМБЕТОВ.

Суреттерді түсірген автор.

Бір ғанибет

Кеш келсе де көктемім,
Жайнаған жаздың жеткенін,
Есілдің жауһар беттерін,
Самалдың сүйіп өткенін,
Көрген де бір ғанибет!
Қоғалы өзен қойнауын,
Шағала-құстың жайлауын,
Құс базары қайнауын,
Шаңқылдақ үнмен сайрауын,
Сезген де бір ғанибет!
Шіліңгір шілде кезінде,
Маужырап бір сәт көз ілген,
Шағала-өмір сезілген,
Жағаға қарап төзіммен,
Тұрған да бір ғанибет!

Бекен ШОЛАНОВ.

МӘДЕНИЕТ

Әзірбайжанда өткен кездесу

Махмұт Қашқари атындағы түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін халықаралық сыйлықтың, "Алаш" халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың иегері, Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры, халықаралық шығармашылық Академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі Ақылбек Шаяхмет Әзірбайжан Республикасында болып, Гянджи және Сумгаит қалаларында кездесулер өткізді. Сумгаиттағы Поэзия үйінің директоры Ибраһим Ильяслы оның Әзірбайжан ақындарын тәржімалаудағы еңбегіне жоғары баға беріп, Әзірбайжан поэзия қауымдастығына қабылданғанын айтып, арнайы диплом табыс етті.

Кездесу кешіне жергілікті қаламгерлер және Сумгаит мемлекеттік университетінің ғалымдары қатысты. Кездесуде сөз алған жазушылар Сулейман Гусейнов, Рафиг Жусипоглы Бакуде жаңа қазақ поэзиясы антологиясының жарық көруіне байланысты қуаныштарын айтып, алдағы уақытта екі ел арасындағы әдеби байланыстарды нығайту туралы ойларын ортаға салды.

Әртістер гастрольдік сапарда

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың туғанына 115 жыл. Осыған орай КСРО мәдениетінің үздігі, режиссер, сахна саңлағы Ырысты Ерденова жерлес ақын С.Тұрғынбековтың "Нұрхан" драмалық спектаклімен ауылдарға гастрольдік сапарға шықты. Өнерге сусап отырған ауылдық ағайындар аудандық мәдениет үйінің жанынан ашылған халық театрының қойылымына көптеп жиналып, Нұрхан атамыз жайындағы біраз деректерге қанықты. Сахнаға шыққан театр әртістері аянып қалмады. Өздеріне жүктеген рөлдерін мінсіз сомдап, әртістік қабілеттерін барынша көрсетті. Әсіресе, Ақшығанақ, Шеген, Сужарған ауылдарының клуб меңгерушілері Марат Аюпов, Қайыржан Шыңғысов, Бағдат Айсағалиев елдің ыстық – ықыласын арқалап қайтты. Ұры Қарғаның рөлін нақышына келтіріп ойнаған Оңғар Жоламанов халық театры құрылғаннан бері келе жатқан көнігі белді мүшесі. Ал, "Ұры қарға" дастанындағы Төлек Жәукені Тәуіш ауылының клуб меңгерушісі Бақыт Төлебаев сомдады. Соңынан Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінің әншілері Астана қаласының 20 жылдығына арналған мерекелік концерттерін тарту етті.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.

Жанкелдин ауданы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Қылмыс азайды

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Жергілікті полиция өкілдерінің әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алуының нәтижесінде Рудныйда қылмыс деңгейі 7,7 пайызға төмендеді. Әсіресе қоғамдық орындарда болатын қылмыстар мен жұрттың мүлкін ұрлау статистикасы екі есеге азайған.

– Біз мұндай нәтижеге қала көшелері мен полициялардың учаскелік пункттерін бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз еткендіктен жетіп отырмыз. Мәселен, биылдың өзінде 9 учаскеге ақпаратты бірден Ішкі істер басқармасының Жедел басқару орталығына таратып отыратын бейнекамералар орнатылды. Көңіл көтеру орындары мен дүкендердің маңында тәртіп пен бақылау күшейтілді. Жыл басынан бері 29 бейнебақылау камераларының арқасында 8 қылмыс пен 3162 құқықбұзушылық әшкереленді, – дейді Рудный қалалық ІІБ басшысы Әлім Бажықбаев.

Кеншілер қаласында жарты жылда 7428 әкімшілік құқықбұзушылық ісі тіркелген. Бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 11,8 пайызға кем.

Камералар санының артуымен шаһардағы жол-көлік оқиғалары азая бастады. Биыл Рудныйда 23 жол апаты тіркеліп, өкінішке қарай 3 адам қаза тапты. Көп жағдайда оқиғаға мас жүргізушілер-себеп болып отыр.

Әлім Маратұлының айтуынша, жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін жергілікті полиция қызметі автопатрульдер санын арттырған. Бүгінде қала аумағындағы тәртіпті 12 арнайы көлік бақылауда.

Меншік иесі:
"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС
Директор-Бас редактор Жанұзақ АЯЗБЕКОВ
Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42
Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49
Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90
Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.
Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 9054. Тапсырыс 2140. Нөмірдің кезекші редакторы Қымбат ДОСЖАНОВА.